

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Мекен үстеу

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58713/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Султанова Лунара Александровна

Сабақтың мақсаты: Мекен үстеу туралы түсініктерін тиянақтау; Ә) ауызекі байланыстырып, жүйелі сөйлеу тілдерін жетілдіру, тіл мәдениетін дамыту, сөздік қорларын молайту; Б) тиянақтылыққа, жинақылыққа, ұжымшылдыққа, таза, сауатты, ұқыпты, көркем жазуға үйрету;

Күтілетін нәтиже: Мекен үстеу туралы түсініктері кеңейеді, қалыптасады .

Сабақтың әдіс — тәсілі:

түсіндіру, сұрақ — жауап, өзіндік жұмыс, іздену.

Сабақтың көрнекілігі: кестелер, сызбалар, слайдтар, суреттер.

Сабақтың барысы;

Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық дайындық

Құтты қонақ келіпті

Төрімізге еніпті

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басы ғой

Ал.қанекей бәріміз амандасып алайық

Достар бері келіңдер
Қолдарыңды беріңдер
Шаттық толы шеңберге
Бар біліммен еніңдер.

Бейнебаян көрсету. Ахмет Байтұрсынов «Аққу ,Шортан, һәм Шаян» мысалы.

Оқушылар топқа бөлінеді. Сөз таптары жазылған қағаздар арқылы.

1-топ . Зат есімдер . 2-топ . Сын есімдер .3-топ . Сан есімдер

Уй тапсырмасы «Дастарқан әдісі» арқылы сұрақтармен тексеріледі.

Берілген үстеу сөздерге сұрақ қояды, бірдей сұраққа жауап беретін сөз арқылы топқа бөлінеді,

топбасшысын сайлайды, бағалау парақшалары таратылады .

Қандай қазақтың ұлттық ойындарын білеміз?

Оқушылар түрлерін атайды.

Олай болса бүгін осы ұлттық ойындар арқылы тапсырмаларды орындайды.

» Кеше, бұрын, ерте, таңертең, түнде, былтыр, кешқұрым,
жоғарыда, төменде, тысқары, ілгері, әрі — бері, алыста, кейін,
тез, ақырын, баяу, жаңаша, жылдам, зорға, жалма — жан »

Мағынаны тану.

үстеулерді мекен үстеуі дейміз. Мекен үстеулерге қайда? қайдан? деген сұрақтар қойылады. Ережені еске түсіреді

Топтастыру. Үстеу туралы не білеміз?

Балалар үстеу туралы білетінін топтаса отырып жазып қорғайды

Үй тапсырмасын сұрау .5 — жаттығу .65 бет

Үстеулерге сұрақ қойып, үстеудің қандай түрі екенін айтады, қарсы мәндес сөздерді табады.

Топтастыру әдісін қолдану

« Аударыспақ » ұлттық ойыны. Ойын туралы мағұлмат беріледі. 1 - жаттығу. Әр топ өзінің топ өз сұрағына сәйкес жауап беретін сөздерді теріп жазады.

қашан?	қайда?	қалай?
бұрын	алыста	жылдам
күні — түні	тыста	ақырын
күні бойы	артта	әрең
үнемі	кейін	кейін
былтыр		

« Теңге алу » ойыны. Оқулықпен жұмыс. 2 - жаттығу. Сөйлемді көшіріп жазып, мекен үстеулердің астын сызады. Сұрақ қою арқылы мекен үстеулері қай сөзбен байланысып тұрғанын түсіндіреді

1 - топ . 2 — топ . 3 - топ .

1 — 2 сөйлем. 3 — 4 сөйлем . 5 — 1 сөйлем .

1 - топ. Кейін қалған, арттан қуып жетті. Арырақ барып тұрды

2 - топ. Жүгіріп келе жатқандардың ішінен, алға шықты. Мұнда бірі кіріп.

3 - топ. Ілгері басқан, кері кеткендей. Кейін қалған, арттан қуып жетті.

Жаттығуды ерте орындап болған оқушыларға қосымша тест тапсырмасын тарату.

СЕРГИТУ СӘТІ.

«Бес асық» ойыны. 3 — жаттығу (ауызша орындау) Жұмбақты шешу, мекен үстеулерді табу. Футболшылар туралы не білеміз? Қандай командаларды білеміз? Футбол ойынына байланысты үстеуі бар сөйлем келтіре аламыз ба? Доп артта қалып қойды. Ертең «Қайрат пен «Динамо» командасының жарысы болады

«Ханталапай» ойыны. 4 - жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазу, ол сөздерге сұрақ қойып мағынасын ашу

1 — ТОП 2 — ТОП 3 — ТОП

Ол күлімсіреп төмен қарады. Ауылға баратын жол біресе олай, біресе былай кетеді. Кеме ақырын ғана кейін шегініп барады.

«Бес саусақ» ойыны. Топтасып постерге орындайды.

Оқушылар саусағының өлшемін сызып, білегіне 4 — жаттығуда берілген сөйлемді жазады, оған сұрақ 5 сұрақты саусақтарына жазады, қорғайды.

Қорытынды: сұрақ — жауап әдісін қолдану.

Кері байланыс «Бәйге» әдісі бойынша. Сабақ тың оқушыға қандай әсер қалдырғанын білеміз.

Не білдім? Не үйрендім? Нені білгім келеді?

Бағалау критерилері арқылы топбасшылары бағалап шығады.

Оқушы аты — жөні	Үй тапсырмасы «Дастарқан» әдісі	1- жаттығу. «Аударыспақ»	2 - жаттығу. «Теңге алу»	3 жаттығу . «Бес саусақ»	Топтастыру әдісі	Қорытынды

Үйге: 6- жаттығу 72 бет, ережелерді қайталау

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.